ЖШС«Antaress Kids» балабақшасы

БЕКІТІЛДІ
ЖШС "Antaress Kids"
балабақша меңгерушісі: **Баженова Д.И.**

«Балапан» кіші жас тобына арналған 2022 – 2023 оқу жылының циклограммалары

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **ЖШС "Antaress Kids"** балабақшасы
Топ/сынып: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **:** 01-02 қыркүйек айы, 2022 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі 01.09.23**	**Жұма 02.09.23**
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Балаларды қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Ата-аналармен амандасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу.				
				Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу. Дидактикалық ойын: «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді. (Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен таныстыру)	Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу.Дидактикалық ойын: «Санына қарай салыстыр» Ойын мақсаты: "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. (Математика негіздері, құрастыру)
Таңертеңгі гимнасти-ка	Таңертеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тұру, жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары . Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. «Үйшік» «Биік те, аласа да емес» Б.қ. н.т.1-3- қолды жоғары көтереміз; Б.қ. «Үйшікте кім тұрады?» Б.қ. тік тұру, қол белде, аяқ алшақ; 1-2- оңға бұрылу; 3-4- б.қ.				

	5-6- солға бұрылу; 7-8- б.қ. «Аласа үйшікте кім тұрады?» Б.қ. т.с. 1-2- отырып, қолды еденге қою;3-4- б.қ. «Үйшікте аңдар тұрады» Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол белде, орнында аңдар қимылын имитациялау; «Жеңіл жүру» Шеңбер бойымен жүру(Дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Ойын- жаттығу: Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)				
Ойындар, ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Қанат жаям жалма –жан, Талпынғандай ұшуға. Иіліп қол созамын, Аяғымның ұшына.(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері				Дене шынықтыру (Таза ауада) Тақырыбы: Хайуанаттар бағының көңілді жануарлары» Міндеті: Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жалпы дамыту жаттығулары: Ритмикалық жаттығу. «Мысық» жуынады. Терезеге шығып ап, Жуды мысық құлағын. 1,2,3- кәне қайтала. «Жылан» қолды кеуде алдында толқыту. Жер бауырлап асықпай, Жылан жылжып келеді,	

				1,2,3- кәне қайтала. «Тырна» бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін белге қойып, бір аяқпен тұру. Күні бойы шалшықтан, Тырна бақа аулайды, 1,2,3- тырнаның қимылын Кәне қайтала. «Маймылдар» қолды шынтаққа бүгіп, аяқтарын кезекпен тізеге бүге көтеру. Ағаштан ағашқа Маймылдар секірді, 1,2,3- кәне қайтала, 3,4,5- тағы қайтала. Жер бетінде әр түрлі Аңдар өмір сүреді, Табиғатпен үндесіп Дос болайық аңдармен. Тыныс алу: «Әдемі гүлдің иісі, Гүл ашады қауызын» Бастапқы қалыпқа келу. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Аюға еліктеп қорбаңдап жүру. 2.Қоянға еліктеп секіру. 3.Жыланша ирелеңдеу. Қимылды ойын: «Ақ қоян» (Қимылды ойындар картотекасы) Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын шартын түсіндіру. Қорытынды Бір саппен шеңбер бойы жүру. Маршпен жүру. Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау.	

				Топтық жұмыс: дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасау (Жапсыру, сурет салу, мүсіндеу)	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:				Серуен № 1 Жаңбырды бақылау Мақсаты:Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек:Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты:Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты:Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. (Көркем әдебиет) Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек» Мақсаты:Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. (Дене шынықтыру, музыка) Қимылды ойын: «Сұр қоян». Ойын барысы: Ойыншылардың біреуі қоян болады.Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады.Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады.Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады: Бармақ болып тоғайға сұр көжек,	Серуен № 2 Бұлтты бақылау Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін: шарпы, будақ,қабатты бұлииарды ажырату. Еңбек:Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты:Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты:Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру. (Көркем әдебиет) Ойын: «Кімге қандай құрал керек?» Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. Қимылды ойын: «Соқыр теке».

				Жуынып жатыр бүгжеңдеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды, Құлағына жуды-түртінді, Құп-құрғақ боп сүртінді. Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды:тұмсығын, құйрығын , құлағын жуады, бәрін сүртеді.Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді(қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқандаойын аяқталады. (Дене шынықтыру) Балалардың өз бетімен ойнауы: 1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік.	Ойын барысы: Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады. Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады. Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртек» болады. Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді.(Дене шынықтыру) Дербес ойындар: 1.Әткеншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу.
Серуеннен оралу	Балаларға ойын киімдерін өздерішешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. (Дене шынықтыру)				
Түскі ас	Әңгіме жүргізу. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге,ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,				Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық	Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық

шынық-тыру шаралары				Шаттанып ойнайық. (Көркем әдебиет)	Бір күлімдеп алайық. (Көркем әдебиет)
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс				«Жүк көлігі» Мақсаты: құрылыс материалдарынан жүк көлігін құрастыру,пішіндерін атау,түстерін айту.(Құрастыру, математика негіздері)	Шығармашылық дағды қалыптастыру.Балаларға ермексаз тарату, өз еркімен мүсіндеу. Ермексаздың қасиеттерімен танысу.(Мүсіндеу, жапсыру)
				Нұрханға дауысты және дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуға үйрету.	Имранға көзбен бағдарлай отырып, қоянның қимылына еліктеп секіруге үйрету. (Дене шынықтыру)
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенгешығу.				
Серуен				Серуен № 1 Жаңбырды бақылау	Серуен № 2 Бұлтты бақылау
	Таңертеңгі серуен бақылауын бекіту.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу. Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **ЖШС "Antaress Kids"** балабақшасы
Топ/сынып: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 05.09-09.09 қыркүйек 2022 ж.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 05.09.	Сейсенбі 06.09.	Сәрсенбі 07.09.	Бейсенбі 08.09.	Жұма 09.09.
Балаларды қабылдау	*Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдй жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау (сөйлеуді дамыту-көммуникативтті іс –әрекет)*				
	«Өз үйіңді тап» Мақсаты: ойын ережесін сақтай отырып, түстерді ажыратып өз ойын айта алды. (сенсорика)	**«Үй құрастырайық** Мақсаты: Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету. (құрастыру)	«**Өзім және отбасым»** Мақсаты: Отбасы туралы айта алады. Санамақтарды қайталап айта алады. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. Анам, әкем, апам, атам және мен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. (Сөйлеуді дамыту)	**«Бұзау»** Мақсаты: Тақпақтың мазмұнын түсіндіру,қайталау арқылы жаттату. Келе жатып томпаңдап, Бұзау ауыр күрсінді: «Тақтай мынау қиқаңдап, Ойбай,қазір құлаймын». (көркем әдебиет)	**«Кілтін тап»** Мақсаты: Пішіндерді атауға үйрету, түстерді ажыратады. (Сенсорика)
Ата-аналармен әңгімелессу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
	Ата-аналармен әңгімелесу:	Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер	Ата-аналарға арнайы буклеттер жасау	«Баланың балабақшаға бейімделуі»	«Тазалық - денсаулық кепілі»

	Ата-аналарға күнделікті күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулық, мінез-құлық ережелері туралы еске салу.	беру (ауыз екі, жазбаша түрде)	арқылы кеңес беру : «Отбасым- ортақ мекенім!»	ата-аналармен жеке әңгімелесу.	мәдени-гигиеналық сақтау дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел - үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Әдепті балақан» Мақсаты: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, амандасу, қоштасу, ризашылық білдіру сөздерін айтуға үйрету. (сөйлеуді дамыту) «Мұнара» Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету. (құрастыру)	«Қоянды өз шалғынына орналастыр» Мақсаты: Шалғын өсімдіктері мен жануарларын, олардың ерекшеліктері мен тіршілігі туралы мағұлматтар беру.Өз ойларын еркін айта білуге қабілетін, білімін, ой-өрісін дамыту. (сенсорика) «Топтағы жиһаздар» Мақсаты: Балаларға топтағы жиһаздарды дұрыс атауға үйрету. (Сөйлеуді дамыту	«Доптар» Мақсаты:Балаларға қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен жарма ұнтағына салуды үйрету. (сурет салу) «Доп» Мақсаты:Балаларға ермексаздан дөңгелек пішінді домалатуға үйрету. (мүсіндеу)	«Өз үйіңді тап» Мақсаты: ойын ережесін сақтай отырып, түстерді ажыратып өз ойын айта алды. (сенсорика) «Бауырсақ» Балаларды қағазды ұмаждау арқылы дөңгелек пішінді домалатуға үйрету. (құрастыру)	«Балақан» Бала,бала,балақан, Кане,қайсы алақан. Саусақтарың әйбат- Былай-былай ойнат! (көркем әдебиет) «Үй құрастырайық Мақсаты: Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету. (құрастыру)
Таңертенге жаттығу	Таңеттеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті).Тұру, жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары .(дене шынықтыру)				
	Картотека №1	Картотека №1	Картотека №1	Картотека №1	Картотека №1
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек дағдылары)				

	Гигиеналық процедулар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы: «Дос бол сабын суменен ,жуын күнде су мен Сен ,жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың») Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
	Ойнаймыз – күлеміз, Асқа да дайынбыз. Астаң соң күнде біз, Беті – қол жуамыз.	Нан қоқымын шашпаңдар! Жерде жатса-баспаңдар! Теріп алып,қастерлеп, Торғайларға тастаңдар.	Жуып жеймін үнемі Алма,алмұрт,шиені. Суды жақсы көремін, Тазалықты сүйемін.	Тамақтанбас бұрын Қол жуамыз әлбетте Себебі достар,болу керек Таза қол да бетте.	Қызылша сәбіз дәрумендер Бізге керек әріне Қуанады анамызда Жетілер деп санамызда.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.				
	«Шағылысқан күн сәулесі» Мақсаты:Балаларға алақан мен саусақтар көмегімен күн бейнесін салу әдісін үйрету. (сурет салу) «Бауырсақ» Мақсаты:Ермексазды шымшып үзіп алу және домалақ, жұмыр мүсін жасау туралы мағлұмат беру. (мүсіндеу)	«Отбасы» Мақсаты: Отбасы туралы айта алады. Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ жаттау Атамнан басталар, Әжемнен қосталар Отбасым мынылар: Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар… Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін, еремін! (көркем әдебиет)	«Менің үйім» Мақсаты: Балаларды пішіндермен (үшбұрыш,шаршы)таныстыру.Үйді геометриялық пішіндерден (үшбұрыш,шаршы) құрастыруды үйрету. (жапсыру) «Менің үйім» Мақсаты: Балаларды пішіндермен (үшбұрыш,шаршы)таныстыру.Үйді геометриялық пішіндерден (үшбұрыш,шаршы) құрастыруды үйрету. (құрастыру)	«Күн мен бұлттар» Мақсаты:Балалаларды ақ параққа күн мен бұлттарды дұрыс орналастыруға үйрету. (жапсыру) «Сылдырмақ» Мақсаты:Сылдырмақпен ойын қимылдарын,түрлі қимылдарды жасауға үйрету. (музыка)	«Жау-жау,жаңбыр» Мақсаты: Сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру. (сурет салу) «Алмалар» Балалардың ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру (мүсіндеу)

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Тақырыбы:Оңға, солға бұрылу. **Міндеттері:** Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары 1. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу /4 рет қайталау/ 2.Б.қ қолды шапалақтау /4 рет қайталау/ 3. Қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу /4 рет қайталау/	**Музыка** Ән жетекшісінің жоспары бойынша	**Дене шынықтыру** Тақырыбы: Қоянмен жаттығулар орындау. **Міндеттері:** Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары 1. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу /4 рет қайталау/ 2.Б.қ қолды шапалақтау /4 рет қайталау/ 3. Қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу /4 рет қайталау/ 4.Саусақтарын ашып жұму /4 рет қайталау/ Негізгі іс-қимылдарды орындайды:	**Дене шынықтыру** (таза ауада) Тақырыбы: Аңдармен көңілді жаттығулар. **Міндеттері**: Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары 1. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу /4 рет қайталау/ 2.Б.қ қолды шапалақтау /4 рет қайталау/ 3. Қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу /4 рет қайталау/	

	4.Саусақтарын ашып жұму /4 рет қайталау/ Негізгі іс-қимылдарды орындайды: 1. шалқасынан жатқан қалыпта қолдары мен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру, арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу 5. «Қояндар» секіру. Қим ойын: «Допты ұстап алыңдар» Қорытынды: Бір орында жүру. Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау.		1. шалқасынан жатқан қалыпта қолдары мен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру, арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу 5. «Доптар» секіру. Қим ойын: «Күн мен жаңбыр » Қорытынды: Бір орында жүру. Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау.	4.Саусақтарын ашып жұму /4 рет қайталау/ Негізгі іс-қимылдарды орындайды: 1. шалқасынан жатқан қалыпта қолдары мен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру, арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу 5. «Доптар» секіру. Қим ойын: «Маған қарай жүгіріндер» Балаларды мадақтау.	
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ мотериканы дамыту)				
Серуен	Серуен №1	Серуен №2	Серуен №3	Серуен №4	Серуен №5

	Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. (қоршаған орта) Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау Қимылдық ойын: «Сұр қоян » . Бармақ болып тоғайға сұр көжек, Жуынып жатыр бүгжеңдеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды, Құлағына жуды-түртінді,	Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін шарпы, будақ,қабатты бұлттарды ажырату. (қоршаған орта) Еңбек :Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. Ойын: « Кімге қандай құрал керек? » Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: « Аттамақ » Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу. (дене шынықтыру)	Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. Мақсаты: Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. (қоршаған орта) Еңбек : Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Сап-сары боп келе жатқан Сезді мекен күзді олар . Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. (көркем әдебиет) Қимылдық ойын: «Сұр қоян » .	Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру . (қоршаған орта) Еңбек : « Әдемі гүлдер » Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. Жеке жұмыс: Тақпақ. « Жел » Мақсаты: Балалар-ға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу	Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. (қоршаған орта) Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: « Алтын күз » тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоыр молайту. (сөйлеуді дамыту)

	Құп-құрғақ боп сүртінді. (көркем әдебиет)		Бармақ болып тоғайға сұр көжек, Жуынып жатыр бүгжеңдеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды, Құлағына жуды-түртінді, Құп-құрғақ боп сүртінді. (дене шынықтыру)	Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. (сөйлеуді дамыту) Қимылдық ойын: « Орамал тастау»	Қимылдық ойын: « Ақ қояным » Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б. (көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)				
	Артикуляциялық жаттығу Жаңылтпаштар: Зымырап допты ала, Қуады көп бала.	Артикуляциялық жаттығу Жаттамақтар: Мынау менің атам, Мынау менің әжем, Мынау менің әкем, Мынау менің анам, Мынау мен өзім!	Артикуляциялық жаттығу Жаңылтпаштар: Лақ бақ, Баптап бақ.	Артикуляциялық жаттығу Жаттамақтар: Доп,доп, Хлоп,хлоп. Доп жоғалды- Қап,қап,қап!	Артикуляциялық жаттығу Зымырап допты ала, Қуады көп бала.
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету,еңбек қызметі) Гигиеналық процедулар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамаө ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
	Дастарқан басындағы дәстүрлер: Дастархан басында адамадар жасына қарай отырады. Астан кейін дастархан	Гигиеналық шара: «Дос бол сабын суменен, жуын күнде су мен сен, жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың»	Ырым, тыйым сөз Қонаққа сынық ыдыспен ас беруге болмайды. Дәмді табақтың ортасынан алма, өз алдыңнан алып же.	Ас ішу тәртібі: Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға, теледидар көруге болмайды. Асты асықпай әбден шайнап жеу керек.	Ас туралы мақал мәтел «Ас атасы нан, нан атасы дән»

	басындағы ең үлкен, құрметті адам асқа бата береді.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту, кітіп оқу (көркемдік қызмет)				
	Тыныш күйге енеді, Мойындарымыз да жайымен. Еркіндеріміз сәл ашылып Дем аламыз жайымен. (әуенмен)	Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы Дем алады барлығы. (әуенмен)	Кірпіктеріміз айқасты, Көздеріміз жұмылды. Дем аламыз жай ғана, Ұйқыға біз кірістік. (әуенмен)	Мойын, бас, қол, аяқтар, Ғажайып бір күйге енді. Дем алады барлығы, Тыныш бір күй кешеді. (әуенмен)	Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы, Дем алады барлығы. (әуенмен)
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) (дене белсенділігі)				
	Картотека №1	Картотека №2	Картотека №3	Картотека №4	Картотека №5
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру (сөйлеуді дамыту)				
	«Ұқыпты тамақтану» (сурет бойынша әңгіме)	Ас туралы мақал мәтел «Нан тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы»	Тыйым сөз «Дәнді шашпа, Нанды баспа»	Ойын жаттығу: Асықпай іш тамақты Жалама ыдыс аяқты	Дастархан басында өзін өзі ұстауы (шағын әңгіме)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,	«Түрлі-түсті қағаздар» Мақсаты: Балаларды түрлі-түсті қағазбен таныстыру,көрсету. (жапсыру)	«Алмалар» Балалардың ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру (мүсіндеу) «Алма»	Дидактикалық ойын: «Көжекті орналастыр» Мақсаты: балалар көжекті түсіне қарай алаңқайларға орналастыра алады. (Сенсорика)	«Бауырсақ» Мақсаты:Балаларды сары түсті қарындашпен дөңгелек пішінді салуға үйрету. (сурет салу) «Бауырсақ»	«Жеңіл көлік» Мақсаты:дайын көлік пішіндерден жеңіл көлік құрастыруды үйрету. (жапсыру) «Сылдырмақ»

кітаптар қарау және т.б.)	«Ғажайып сылдырмақтар» Мақсаты:Сылдырмақты ырғаққа сай сылдырлатып, музыка әуеніне сай қимыл жасауға дағдыларын дамыту. (музыка)	Қол,саусақ, қимыл-қозғалыс икемділігін бейімдей отырып дөңгелек пішін салуға үйрету. (сурет салу) «Күн мен бұлттар» Мақсаты:Балалаларды ақ параққа күн мен бұлттарды дұрыс орналастыруға үйрету. (жапсыру)	«Қызыл, сары, көк шар» Мақсаты:Әнді айта отырып, түстерді ажырата білуге үйрету. Есту қабілетін дамыту. (музыка)	Мақсаты:Ермексазды шымшып үзіп алу және домалақ, жұмыр мүсін жасау туралы мағлұмат беру. (мүсіндеу)	Мақсаты:Сылдырмақпен ойын қимылдарын,түрлі қимылдарды жасауға үйрету. (музыка)
Балалармен жеке жұмыс	Сүлеймен жаттығуларды көзбен бағдарлау арқылы ойын түрінде (жануарлардың қимылдарына еліктеу) педагогпен бірге орындайды	Самир өзінің, жақын адамдарының есімдерін біледі, киімді, жиһазды, ыдыстарды, кейбір қозғалыс құралдарын атай біледі	Ақтілек қысқа, қарапайым әңгімелер, өлеңдер, тақпақтарды тыңдайды және түсінеді	Альмина ересектердің көмегімен қарапайым құрылыстарды құрастыра алады	Диас кейбір жануарларды шынайы тұрғыда, суреттерден таниды және атайды
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ мотериканы дамыту)				
	Қазір жылдың қай мезгілі?	«Тату болып ойнаңдар» (балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу)	«Серуен кезінде» (тазалық туралы әңгіме)	«Сондай бала болама?» (өлең оқып беру)	«Киімдерін ұқыпты жинау» (серуенге шығар кезінде шағын әңгіме)
Серуен	Ойын алаңдарын тазлау (еңбек қызметі). Еркін ойындар ойнату				
	Серуен №1 Жаңбырды бақылау.	Серуен №2 Бұлтты бақылау.	Серуен №3	Серуен №4 Желді бақылау.	Серуен №5

			Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау.		Көшедегі машиналарды бақылау.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **ЖШС "Antaress Kids"** балабақшасы
Топ/сынып: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 12.09.-16.09.қыркүйек 2022жыл

Күн тәртібі.	Дүйсенбі 12.09	Сейсенбі 13.09	Сәрсенбі 14.09	Бейсенбі 15.09	Жұма 16.09
Балаларды қабылдау.	**Бүгінгі ауа-райын бақылау.** (Қоршаған ортамен таныстыру)	**Шаттық шеңбері:** Еліміз аман болсын! Анамыз аман болсын! Деніміз сау болсын! Бақшамыз гүлдене берсін! (сөйлеуді дамыту)	**Шаттық шеңбері:** Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жайнай түсті қаламыз	**Сәлеметсізбе балабақша! Мақсаты:** Балалардың бір-бірімен қарым –қатынасын дамыту. (көркем әдебиет)	Жағымды жағдай орнату ата-аналардан балалардың көңіл-күйін сұрау.
Ата аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың дамуындағы өзгерістер	Ата-аналармен әңгіме: Балаларды ертеңгілік жаттығуға кешіктірмей алып келулерін ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Балаларды ертеңгілік жаттығуға кешіктірмей алып келулерін ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру ескерту
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар	**«Менің отбасым» Мақсаты**:Балалар өз отбасы мүшелерімен таныстыра алады.(сөйлеуді дамыту)	**«Менің анам» Мақсаты**: Балалар аналары дайындайтын тағамдарды атайды (Қоршаған ортамен таныстыру)	Суретпен жұмыс. **«Менің үйім»** Балалар өз үйлері туралы әңгімелей алады. (көркем әдебиет)	Әртүрлі пішіндегі конструктордың негізгі бөлшектерінен үй құрастыру. (құрастыру)	Бүгінгі ауа райы туралы әңгімелесу (жаратылыстану)

қарау және тағы басқа әрекеттер)					
Таңертеңгі жаттығу	Картотека №1	Картотека№1	Картотека №1	Картотека №1	Картотека №1
Таңғы ас	**«Ас адамның арқауы»** **Мақсаты:** Балаларды аспазшы жұмысымен таныстыру.	Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. (көркем әдебиет)	Мәдениетті тамақтануға баулу. «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тындаймын»	Тамақтанбас бұрын Қол жуамыз әлбетте Себебі достар,болу керек Таза қол да бетте .	Қызылша сәбіз дәрумендер Бізге керек әрине Қуанады анамызда Жетілер деп санамызда
Ұйымдастырылған іс –әрекетке дайындық.	**«Ойыншықтар»** **Мақсаты:**Балалар өз бөлмесіндегіойыншықтарды атай алады. (сурет салу)	**«Бір уйде біз нешеуміз?»** **Мақсаты**: Тақпақты қайталап айта алады (сенсорика)	**«Кел жапырақ терейік»** **Мақсаты:**Балалар табиғаттағы маусымдық өзгерісті сезіне алады. (жаратылыстану)	**«Теңін тап»** **Мақсаты**:Балалар ойыншықтарды топтастыра алады. (құрастыру)	**«Не артық»** **Мақсаты:**Артық суретті алып тастап аула сыпырушыға қажетті затты мүсіндейді (мүсіндеу)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс –әрекет	**Дене шынықтыру** Тақырыбы: Сапқа тұру. **1.Жалпы дамыту жаттығулары.** Аяқтың ұшымен жүру Өкшемен жүру Аяқтың сырт жағымен жүру Аяқтың іш жағымен жүру Жай жүгіру **2 .Негізгі қимылдар**	**Музыка** Пән мұғалімінің жоспарына бойынша.	**Дене шынықтыру.** Тақырыбы: Саппен жүру. **1.Жалпы дамыту жаттығулары.** Аяқтың ұшымен жүру Өкшемен жүру Аяқтың сырт жағымен жүру Аяқтың іш жағымен жүру Жай жүгіру **2 .Негізгі қимылдар**	**Дене шынықтыру** (таза ауада) Тақырыбы: Шеңбер жасау. **1.Жалпы дамыту жаттығулары.** Аяқтың ұшымен жүру Өкшемен жүру Аяқтың сырт жағымен жүру Аяқтың іш жағымен жүру	

	Балалар педагогтің ауызша нұсқауымен сапқа тұруды үйрету. **Қимылды ойын.** «Өз жұбыңды тап» **Мақсаты:**Балалар жалаушалар бойынша екі топқа бөліне алады. Тыныс алу жаттығулары Балалар педагогтің нұсқауы бойынша сапқа тұра алады		Балаларды педагогпен бірге саппен жүреуді үйрету. **Қимылды ойын.** «Күн мен түн» **Мақсаты:** Балалар күн дегенде ойнайды, түн дегенде ұйқтайды. Тыныс алу жаттығулары: Балалар педогогпен бірге саппен жүре алады.	Жай жүгіру **2.Негізгі қимылдар** Педагогтің нұсқауы бойынша шеңбер жасауды үйрету. **Қимылды ойын.** «Допты қуып жет» **Мақсаты:** Балалар тез жүгіріп допты қуып жете алады. Тыныс алу жаттығулары Балалар педогог нұсқауымен шеңбер жасай алады.	
Серуенге дайындық	Серуенге қажетті ойыншықтарды дайындау.	Табиғатқа деген қызығушылығын арттыру.	Серуенге шыққанда өздерін тәртіпті ұстауларын түсіндіру.	Сыртқы киімдерін киюін қадағалау	Балалармен әңгімелесу
Серуен	**№ 4** **Желді бақылау.** **Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының	**№ 5** **Көшедегі машиналарды бақылау.** **Мақсаты:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам	**№ 6** **Құстардың күзгі тіршілігін бақылау.** **Мақсаты:** Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі,	**№ 7** **Ауа-райын бақылау.** **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән	**№ 8** **Күзгі жапырақтарды бақылау.** **Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.

	салқындығын үдететіндігін түсіндіру **.** **Жеке жұмыс:** Тақпақ. « Жел » **Мақсаты:** Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. (жаратылыс тану)) **Қимылдық ойын:** « Айгөлек-ау, айгөлек » **Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.	үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. (қоршаған ортамен танысу) **Жеке жұмыс:** « Алтын күз » тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу **Мақсаты:** Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қорын молайту. Көркем әдебиет **Қимылдық ойын:** « Ақ қояным » **Мақсаты:** Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.	ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру **.** **Жеке жұмыс:** Тақпақ: « Құстар қайтып барады » **Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. Қазан толы Дәулет қорын қалады. Заңғар көкке жол сызып, Құстар қайтып барады. (көркем әдебиет) **Қимылдық ойын:** « Жүзік салу » **Мақсаты:** Зейін қойып тыңдауға үйрету.	ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Е.Өтетілеуов « Күшік » .** **Мақсаты:** Үдыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. « Күшік » . Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап (сөйлеуді дамыту) **Ойын:** « Қасқыр мен қаздар » . **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.	**Жеке жұмыс: « Күзгі жапырақ » тақпақ** Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей **Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. (Көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы .Киімдерін	Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала.	Балалардың топқа сапты бұзбай оралуға дағдыландыру.	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы	Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала.

	шешіп шкафтарына орналастыру	Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала Ал егерде ол жуынбаса –ештене деп аталмайды ол бала.		.Киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала Ал егерде ол жуынбаса –ештене деп аталмайды ол бала.
Түскі ас.	Ас мәзірімен таныстыру .Балалардың назарын тағамға аударту.	Ас мәзірімен таныстыру.Тамақты асықпай жеу керек.	Тамақ ішер кезде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз білмейміз.	Ас мәзірімен таныстыру Тамақты шашпай ішуге дағдыландыру	Ас мәзірімен таныстыру Ас үстінде артық әңгіме айтуға болмайтынын түсіндіру
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио ертегі (музыка)	«Қызыл телпек» ертегісін оқып беру.(көркем әбебиет)	«Бесік жырын»тындату (музыка)	Жақсы жатып ,жайлы тұр!	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Алашадан жүрейік Жүрісті біз түзейік Шымыр болып шынығып Тез-тез басып өтейік (дене шынықтыру)	Салқын суды сүйеміз Шымыр болар денеміз Сумен күнде жуынып Ұзақ өмір сүреміз.	Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз Оң аяққа 1,2,3 сол аяққа1,2,3. Массаж жасау білеміз (сенсорика)	Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым Таза бетің-маңдайын.	Қолға шарды аламыз Қатты,қатты үрлейміз Уф-ф-ф,Уф-ф-ф... Қатты үрлеген шарларды кері жарып аламыз.
Бесін ас.	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару.	Ас мәзірімен таныстыру. Рахмет айтқызып үйрету	«Бата айтып» үйрету	«Ас қайтарып» үйрету	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті	**Дидактикалық ойын.** **Мақсаты:**Балалар өз үйлерін құрастыра алады.	**«Бұл ненің дыбысы?»** **Мақсаты:**Дыбыс тарды ажыратуды қолдана алады.	**«Кім ,қайда өмір сүреді»** **Мақсаты:**Балалар туған жеріндегі	**«Аспазшы»** **Мақсаты:**Балалар топтасып ойнай алады	**«Мозайка»** **Мақсаты**:Балалар мазайканың ұсақ

ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	(құрастыру) **1.Танымдық ойын** «Менің жанұям» Амандасу,сұрақ –жауап. Сурет бойынша балалар бір-бірден өздерінің отбасы мүшелерін атауды үйрету. **2.Сергіту сәті** Бір,екі,үш,бір,екі,үш Бойға жинап күш Жаттығу жасап алайық Бір дем алып қалайық (сенсорика)	Қоршаған ортаиен таныстыру **«Менің үйім»** Сәлемдесу Балалар тура сызықтар арқылы өздерінің үйлерін сала алады. «Үйдің терезесі» Балалар үйге сәйкес терезені жапсыра алады. (жапсыру,сурет)	жан-жануарлардың мекендер імен таныса алады.\ **«Кесе»** Ермексаз көмегімен ыдысты мүсіндеу. (мүсіндеу,жапсыру) **Дидактикалықойын:** «Орнында не жоқ?» **Шарты:** үстел үстіне 5-ойыншық қойылады. Балалардан көздерін жапқан кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды. Балалар қай ойыншық жоқ екенін айтады. **(Сөйлеуді дамыту)**	**Мен және отбасы»** Балалардың өздерінің отбасы мүшелерінің жақсы жақтарын айту арқылы сөздік қорларын дамыту. (сөйлеуді дамыту) **Сергіту сәті:** Алма баққа барайық Алма теріп алайық Ең үлкенін алманың Анамызға сыйлайық Балалар үйдің негізгі бөлшектерінен конструкторлармен құрастыра алады.	бөліктерін орналастыра алады Амандасу ,сұрақ –жауап **«Тәрелке»** Балалар ыдысты (тәрелке) өз беттерінше бейнелеу. (сурет салу) **Сергіту сәті:** Бойыңды сергек тік ұста Емін-еркін тыныста Деміңді ішке тез алда Сол қолыңды соз алға Қол ұшына қара да Үшбұрыш сыз ауада Оң қолда бос тұрмасын
Балалармен жеке жұмыс	Имранға үй жануарларын атауға үйрету	Радмирге өзінің дене мүшелерін ажыратуға үйрету	Бақдаулетке өзіне қызмет етуге үйрету	Альминаға қарапайым құрылыстарды құрастыруды үйрету.	Асылымға заттарды топтастыра білуге үйрету

Серуенге дайындық	Балалардың дұрыс киінуін қадағалау.	Балалармен жеке әңгімелесу	Серуенге қажетті ойыншықтарды дайындау.	Серуенге шыққанда өздерін тәртіпті ұстауларын түсіндіру.	Сыртқы киімдерін киюін қадағалау
Серуен	Серуен №4	Серуен №5	Серуен №6	Серуен №7	Серуен №8
Балалардың үйге қайтуы	Кеңес: «Егер бала бұзық болса»	Ата-аналармен балалардың тазалықтары туралы әңгімелесу	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналарға балардың тамағын тауысып жеуге үйрету.	Ата-аналармен балалардың тазалықтары туралы әңгімелесу

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **ЖШС "Antaress Kids"** балабақшасы
Топ/сынып: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 19.09-23.09 қыркүйек 2022 ж.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 19.09.	Сейсенбі 20.09.	Сәрсенбі 21.09.	Бейсенбі 22.09.	Жұма 23.09.
Балаларды қабылдау	*Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдй жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау **(сөйлеуді дамыту-көммуникативтті іс –әрекет)***				
	«Балабақшада кімдер бар?» **Мақсаты:** балалардың балабақша туралы түсініктерін кеңейту,балабақша қызметкерлерімен таныстыру.	**«Бала, бала, балақан»** **Мақсаты**: өлең айту арқылы балалардың қимыл қозғалысын жетілдіру, өлеңге қызығушылығын ояту. **(көркем әдебиет)**	**«Өзім және отбасым»** **Мақсаты:** Отбасы туралы айта алады. Санамақтарды қайталап айта алады. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. Анам, әкем, апам, атам және мен.	**«Мен билегім келеді»** **Мақсаты:**Балалар ға би қимылдарын үйрету,қайталау арқылы ән жаттату. **(музыка)**	**«Кілтін тап»** **Мақсаты:** Пішіндерді атауға үйрету, түстерді ажыратады. **(Сенсорика)**

	(Сөйлеуді дамыту)		Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. **(Сөйлеуді дамыту)**		
Ата-аналармен әңгімелессу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
	Ата-аналармен әңгімелесу: Ата-аналарға күнделікті күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулық, мінез-құлық ережелері туралы еске салу**.**	Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер беру (ауыз екі, жазбаша түрде)	Ата-аналарға арнайы буклеттер жасау арқылы кеңес беру : «Отбасым- ортақ мекенім!»	«Баланың балабақшаға бейімделуі» ата-аналармен жеке әңгімелесу.	«Тазалық - денсаулық кепілі» мәдени-гигиеналық сақтау дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел - үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Үлкен-кіші» Мақсаты: Үлкен- кіші ұғымдарды ажыратуға үйрету. (Сенсорика) «Мұнара» Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету. (құрастыру)	«Бауырсақ» Мақсаты:Ермексазды шымшып үзіп алу және домалақ, жұмыр мүсін жасау туралы мағлұмат беру. (мүсіндеу) «Күн мен бұлттар» Мақсаты:Балалаларды ақ параққа күн мен бұлттарды дұрыс орналастыруға үйрету. (жапсыру)	«Көжекті орналастыр» Мақсат: балалар көжекті алаңқайларға орналастыра алады. (сенсорика) (құрастыру) «Ұзын құлақ,сұр қоян» Мақсаты:Балаларды қайталау арқылы тақпақты жаттату,қызығушылықтарын ояту. (көркем әдебиет)	«Алмалар» Балалардың ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру (мүсіндеу) «Алма» Қол,саусақ, қимыл-қозғалыс икемділігін бейімдей отырып дөңгелек пішін салуға үйрету. (сурет салу)	«Жапырақатар түсуде» Мақсаты:Қылқаламмен таныстыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді үйрету. (сурет салу) «Тоқаш» Мақсаты:Балаларды екі қолымен домалақ шар жасауды үйрету.Саусақтардың ұшымен басып тереңдету әдістерін үйрету. (мүсіндеу)
Таңертенге жаттығу	Таңеттеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті).Тұру, жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары .(дене шынықтыру)				
	Картотека №2	Картотека №2	Картотека №2	Картотека №2	Картотека №2

Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек дағдылары) Гигиеналық процедулар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы: «Дос бол сабын суменен ,жуын күнде су мен Сен ,жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың») Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
	Сылдырлайды мөлдір су Мөлдір суға қолың жу Жуынсаң сен әрдайым Аппақ бетің маңдайың .	Нан қоқымын шашпаңдар! Жерде жатса-баспаңдар! Теріп алып,қастерлеп, Торғайларға тастандар.	Салқын суды сүйеміз Шымыр болар денеміз Сумен күнде жуынып Ұзақ өмір сүреміз.	Тамақтанбас бұрын Қол жуамыз әлбетте Себебі достар,болу керек Таза қол да бетте.	Қызылша сәбіз дәрумендер Бізге керек әріне Қуанады анамызда Жетілер деп санамызда.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.				
	«Торғайларға жем шашамыз» Мақсаты:қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету. (сурет салу) «Доп» Мақсаты:Балаларға ермексаздан дөңгелек пішінді домалатуға үйрету. (мүсіндеу)	«Кірпінің саңырауқұлақтарын тап» Мақсаты: негізгі түстерді ажырата,атай білуге үйрету. (сенсорика) «Жау-жау,жаңбыр» Мақсаты: Сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру. (сурет салу)	«Шағылысқан күн сәулесі» Мақсаты:Балаларға алақан мен саусақтар көмегімен күн бейнесін салу әдісін үйрету. (сурет салу) «Алмалар» Балалардың ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру (мүсіндеу)	«Өз үйіңді тап» Мақсаты: ойын ережесін сақтай отырып, түстерді ажыратып өз ойын айта алды. (сенсорика) «Қоян, қонжық» Мақсаты:Аю мен қоянның балаларымен, олардың сыртқы түрлерімен таныстыру. (сөйлеуді дамыту)	«Қайталап айт» Мақсаты:балалар дың сөйлеу тілін дамыту. (Сөйлеуді дамыту) «Добым менің» Мақсаты:Музыкалық есту қабілеттерін арттыру, ойыншықтарды ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету. (музыка)
Білім беру ұйымының	**Дене шынықтыру** Тақырыбы:	Музыка	**Дене шынықтыру** Тақырыбы:	**Дене шынықтыру**(таза	

кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	Табандарды бүгеміз,жазамыз. **Міндеттері:** Табандарды бүгу (жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солға бұру. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары 1. Мойынды бұру(алға,солға,артқа,оңға)/4 рет қайталау/ 2.Б.қ қол белде иықты көтеру,түсіру /4 рет қайталау/ 3. Еңкею оңға,солға /4 рет қайталау/ 4.Отыру,тұру /4 рет қайталау/ Негізгі іс-қимылдарды орындайды: 1.Табандарды бүгу (жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып,	Ән жетекшісінің жоспары бойынша.	**Міндеттері:** Көршіңе бер. Табандарды бүгу (жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солға бұру. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары 1. Мойынды бұру(алға,солға,артқа,оңға)/4 рет қайталау/ 2.Б.қ қол белде иықты көтеру,түсіру /4 рет қайталау/ 3. Еңкею оңға,солға /4 рет қайталау/ 4.Отыру,тұру /4 рет қайталау/ Негізгі іс-қимылдарды орындайды: 1.Табандарды бүгу (жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солға бұру. 5. «Қояндар» секіру. Қим ойын: «Секіргіш қояндар» Қорытынды: Бір орында жүру.	ауада) Тақырыбы: Денеңді оңға солға бұр. **Міндеттері:** Табандарды бүгу (жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солға бұру. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары 1. Мойынды бұру(алға,солға,артқа,оңға)/4 рет қайталау/ 2.Б.қ қол белде иықты көтеру,түсіру /4 рет қайталау/ 3. Еңкею оңға,солға /4 рет қайталау/ 4.Отыру,тұру /4 рет қайталау/ Негізгі іс-қимылдарды орындайды: 1.Табандарды бүгу (жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солға бұру.	

	тұлғасын оңға-солға бұру. 5. «Доптар» секіру. Қим ойын: «Жалаушадан жалаушаға дейін» Қорытынды: Бір орында жүру. Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау.		Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау.	5. «Доптар» секіру. Қим ойын: «Күн мен жаңбыр» Қорытынды: Бір орында жүру. Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау.	
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Серуен №3 Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. Мақсаты: Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. (қоршаған орта) Еңбек : Құстарға жем сауыт жасау.	Серуен №4 Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру . (қоршаған орта) Еңбек : « Әдемі гүлдер » Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге	Серуен №5 Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. (қоршаған орта) Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту, су құю.	Серуен №6 Құстардың күзгі тіршілігін бақылау. Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру . (қоршаған орта) Еңбек :«Біздің ойыншықтар » . Мақсаты: Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға,	Серуен №7 Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. (қоршаған орта) Еңбек: «Таза алаң » . Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.

	Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Сап-сары боп келе жатқан , Сезді мекен күзді олар . Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар. Мақсаты: Балаларды ң сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. Қимылдық ойын: «Сұр қоян » . Бармақ болып тоғайға сұр көжек, Жуынып жатыр бүгжеңдеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды, Құлағына жуды-түртінді, Құп-құрғақ боп сүртінді.	қамқор болу, аялау, күту. Жеке жұмыс: Тақпақ. « Жел » Мақсаты: Балалар-ға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. (сөйлеуді дамыту) Қимылдық ойын: « Орамал тастау» (дене шынықтыру)	Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: « Алтын күз » тақырыбына әңгімелесу Мақсаты: Балаларды күз мезгілі бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қор молайту. Қимылдық ойын: « Ақ қояным » Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. (дене шынықтыру)	мұқияттылыққа үйрету. Жеке жұмыс: Тақпақ: « Құстар қайтып барады » . Мақсаты: Балалар-ға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. Қазан толы Дәулет қорын қалады. Заңғар көкке жол сызып, Құстар қайтып барады. (көркем әдебиет) Қимылдық ойын: «Жүзік салу » Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету.	Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов « К үшік » . Мақсаты: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. « Күшік » . Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап. (көркем әдебиет) Ойын: «Қасқыр мен қаздар» . Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.

Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б. (көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)				
	Артикуляциялық жаттығу Жаңылтпаштар: Зымырап допты ала, Қуады көп бала.	Артикуляциялық жаттығу Жаттамақтар: Мынау менің атам, Мынау менің әжем, Мынау менің әкем, Мынау менің анам, Мынау мен өзім!	Артикуляциялық жаттығу Жаңылтпаштар: Лақ бақ, Баптап бақ.	Артикуляциялық жаттығу Жаттамақтар: Доп,доп, Хлоп,хлоп. Доп жоғалды- Қап,қап,қап!	Артикуляциялық жаттығу Зымырап допты ала, Қуады көп бала.
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету,еңбек қызметі) Гигиеналық процедулар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамаө ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
	Дастарқан басындағы дәстүрлер: Дастархан басында адамадар жасына қарай отырады. Астан кейін дастархан басындағы ең үлкен, құрметті адам асқа бата береді.	Гигиеналық шара: «Дос бол сабын суменен, жуын күнде су мен сен, жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың»	Ырым, тыйым сөз Қонаққа сынық ыдыспен ас беруге болмайды. Дәмді табақтың ортасынан алма, өз алдыңнан алып же.	Ас ішу тәртібі: Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға, теледидар көруге болмайды. Асты асықпай әбден шайнап жеу керек.	Ас туралы мақал мәтел «Ас атасы нан, нан атасы дән»
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту, кітіп оқу (көркемдік қызмет)				
